

Мойнақ су электр станциясын салу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1143 Қаулысы

Мойнақ су электр станциясын салуды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мойнақ су электр станциясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Мойнақ СЭС-і" АҚ) сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар электр энергиясының қуатын реттеу жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы "KEGOC" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "KEGOC" АҚ) заңнамада белгіленген тәртіппен ағымдағы шығыстар мен қарыздарға қызмет көрсету жөніндегі шығындарды жабуды қамтамасыз ететін бағалар бойынша "Мойнақ СЭС-і" АҚ-пен электр энергиясының қуатын реттеу жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен "KEGOC" АҚ (келісім бойынша) Мойнақ су электр станциясынан ұлттық электр желісіне электр энергиясының қуатын беру схемасының объектілерін салуды ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңына сәйкес "Мойнақ СЭС-і" АҚ-қа инвестициялық преференциялар беру мүмкіндігін қарастырсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен: "Мойнақ СЭС-і" АҚ-пен мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім жасассын; кредиторға "Мойнақ СЭС-і" АҚ міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитінің шегінде тартылатын қарыз бойынша 25000000 (жиырма бес миллион) АҚШ доллары мөлшерінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін.

6. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

"Мойнақ СЭС-і" АҚ-тың мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптарды орындауын қамтамасыз етсін;

Мойнақ су электр станциясы құрылысының екінші кезеңін қаржыландыру үшін

тартылатын қарыз бойынша "Мойнақ СЭС-і" АҚ-тың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде 2006 жылы 75000000 (жетпіс бес миллион) АҚШ доллары сомасына мемлекеттік кепілдік беру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

7. "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен 25000000 (жиырма бес миллион) АҚШ долларына дейінгі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының талаптарын қанағаттандыратын қамтамасыз етумен 25000000 (жиырма бес миллион) АҚШ долларына дейінгі мөлшерде Мойнақ су электр станциясы құрылысының бірінші кезеңін қаржыландыру мүмкіндігін қарастырсын.

8. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жаңартылатын энергия көздері бойынша жобалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында 1997 жылғы 11 желтоқсанда Киото қаласында қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгерісі туралы шектеулі конвенциясына Киото хаттамасына қатысты мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу жөнінде шаралар қабылдасын.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі